

**Ақтөбе облысы әкімдігінің бірлескен ҚАУЛЫСЫ және
мәслихатының ШЕШІМІ**

Ақтөбе қаласы

№88/252

2018 жылғы 22 ақпан

**Ақтөбе облысы Қобда ауданының
білім беру ұйымдарына атаулар беру
бойынша ұсыныстар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 5 наурыздағы № 281 «Қазақстан Республикасының аумағындағы әуежайларға, порттарға, теміржол вокзалдарына, теміржол стансаларына, метрополитен стансаларына, автовокзалдарға, автостансаларға, физикалық-географиялық және мемлекет меншігіндегі басқа да объектілерге атау беру, сондай-ақ оларды қайта атау, олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту және мемлекеттік заңды тұлғаларға, мемлекет қатысатын заңды тұлғаларға жеке адамдардың есімін беру қағидаларын бекіту туралы» қаулысына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Заңының 11-бабының 4-2) тармақшасына сәйкес, Қобда гимназиясы және Қобда орта мектебі ұжымдарының ұсыныстарын ескере отыра, Ақтөбе облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Ақтөбе облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

Ақтөбе облысы Қобда ауданының «Қобда гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне - Исатай Таймановтың есімін, «Қобда орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне - Қобыланды батырдың есімін беру туралы ұсыныстар Республикалық ономастика комиссиясының қарауына енгізілсін.

Облыс әкімі

Б. САПАРБАЕВ

**Облыстық
мәслихаттың хатшысы**

С. ҚАЛДЫҒҰЛОВА

**Облыстық мәслихаттың
сессия төрағасы**

С. АЙТБАЕВА